

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлім

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Мемлекеттік органның өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларына сәйкес, мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдалану кезінде қызметін бағалау және ҚР заңнамасын сақтау.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері: «Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Басқарма), «Орал қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ (бұдан әрі-Бөлім).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2022 жылғы қаңтардан 2024 жылғы қазанға дейін.

II. Негізгі (аналитикалық) бөлім


2.1. Аудиттелетін саланың жағдайын қысқаша талдау

Электрмен жабдықтау

Батыс Қазақстан облысында 20 мың шақырымнан астам электр желілері бар. Бұл Республикадағы ең ұзын электр желілерінің бірі.


Бұл желілердің тозуы 80,6% құрайды.

2022 жылға дейін электр желілік жабдықтарды жаңғыртуға орта есеппен 500 млн.теңге бөлінген.



2023 жылдан 2024 жылға дейін электр энергетика саласына 7,2 млрд.теңге мөлшерінде мемлекеттік инвестициялар бағытталды.

2023-2024 жылдар



- Орал қаласының "Ақжайық" ПДП ауданында 110/10 КС салу
- Орал қаласы ГТС-54 ауданында 110/10 ҚС салу

2025 жылға 2,9 млрд.теңге сомасына 2 іс-шараны іске асыру жоспарлануда.

Бүгінгі таңда өз өндірісінен 99% құрайды. Бірақ Жәнібек және Бөкей ордасы аудандары үшін Ресей Федерациясынан электр энергиясын сатып алудың ерекшеліктері бар.

Осы мақсатта энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізу үшін 2025 жылы Жәнібек ауданының Өнеге кентінің маңында станция салу жоспарлануда. Жобаны іске асыру үшін инвесторлар қуаты 5 Мегаватт газ-поршенді қондырғымен біріктірілген күн электр станциясын салуды көздейді. ҚР Энергетика министрлігімен бұл участок 2025 жылдың 1 тоқсанына арналған аукциондық сауда-саттық тізіміне енгізілген.

Осыған қарамастан, облыстың электр энергетикасында желілердің апаттылығы орын алуда.

2023-2024 жыл жылыту маусымы басталғаннан бері облыс бойынша электр желілерінде 97 елеулі апат орын алып, бірнеше елді мекендер жарықсыз қалды.

Бұл мәселені шешу үшін облыс аудандарында кернеуі 110 – 0,4 кВ болатын 2 мың шақырымға жуық желіні қайта жаңартуды көздейтін 12 ЖСҚ жасақталды.

Сумен жабдықтау және су бұру


2022 жылы 361 385 мың теңге сомасына «Орал қаласының жерасты су қабылдауында су алу ұңғымаларын салу (бұрғылау)» жобасы іске асырылды.

Сол жылы 747 464 мың теңге сомасына «БҚО, Орал қаласындағы 19А кәріз сорғы станциясын және 19А КСС-нан ұзындығы 15 690 м КТҚ-ның қабылдау камерасына дейін су бұру желілерін қайта жаңарту» жобасы іске асырылды.

2023-2024 жылдар аралығында сумен жабдықтау және су бұру саласына 6,3 млрд. теңге бағытталды.

2023 жыл

Су бұру




- Орал қ. КСС-2 ғимаратын қайта жаңарту
- Орал қ. КСС-3 ғимаратын қайта жаңарту


Қала аумағында су бұрудың 4 басты кәріз сорғы станциясын қайта жаңарту басталды, бүгінгі таңда 2 басты кәріз сорғы станциясын (КСС-2,3) жаңарту

[Handwritten signatures]

аяқталды, қалған екеуін аяқтау жұмыстары (КСС-21,18 А) 2025 жылға ауыстырылды.



2023 жылы Орал қаласында 5 ұңғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталды және Ақсай қаласының 4,5 және 10 шағын аудандарының су құбыры желілерін қайта жаңарту аяқталды. 12 км су құбыры желілері қайта жаңартылды.



2025 жылға арналған жоспарға сәйкес коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру және су бұру, сумен жабдықтау және жылумен жабдықтаудың коммуналдық жүйелерінің сенімді жұмыс істеуі үшін келесі жобалар бойынша 29,5 млрд. теңге сомасына 8 іс-шара іске асырылатын болады:

Олар: Орал жер асты сулары кен орнын қайта жаңарту, бес ұңғыманы бұрғылау, №18А, 29, 21 және 20 көтергіш сорғы станциясының ұңғымаларын қайта жаңарту, сондай-ақ Орал қаласының су құбырларын қайта жаңарту.

Газбен жабдықтау


БҚО тұрғындарының 99,7%-ға газбен қамтамасыз етілуіне қарамастан, жалпы ұзындығы 349 км «Ростоши-Тайпак» газ құбыры апатты жағдайда тұр. Бұл газ құбыры 58 елді мекенді: Ақжайық (37 АЕМ), Теректі (7 АЕМ) және Бәйтерек аудандарын (12 АЕМ), Круглоозерное және Серебряково кенттерін тауарлық газбен қамтамасыз етеді, онда тұрғын үй секторының, коммуналдық-тұрмыстық,

сондай-ақ өндірістік мақсаттағы кәсіпорындарды есептегенде 11 959 газ тұтынушы бар. Газ құбырының техникалық жай-күйі халықтың қауіпсіздігіне қауіп төндіреді, өйткені құбыр металының өтпелі коррозиясынан және ауылдық елді мекендерге бұрылыстарда мұз және гидраттық бітелулердің пайда болуынан туындаған газдың жиі шығуы және соның салдарынан газ берілуінің тоқтауы орын алады.

Ағымдағы жылы газ құбырының жартысын ауыстыру жобасы әзірленді. Жобаның құны 7,8 млрд. теңгені құрайды. Қаржыландыру мәселесі шешілгеннен кейін осы жобаның құрылысын бастау жоспарлануда.

Жылумен жабдықтау

2023-2024 жылдар аралығында жылумен жабдықтау саласына 8,3 млрд. теңге бағытталды.



Қала аумағында 2 негізгі жылу магистралін қайта жаңарту басталды, Бүгінгі таңда №5 жылу магистралін қайта жаңарту аяқталды, №2 магистралды қайта жаңарту 2025 жылы аяқталады.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

«Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі Батыс Қазақстан облысында энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

«Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ ережесінде көзделген 37 функцияның 36-сы немесе функциялардың жалпы санының 97,2%-ы іске асырылады.

2022 жылы жоспарланған сома 10 207 133,0 мың теңге, игерілген сома 8 028 847,9 мың теңгені немесе жоспарланған соманың 78,6%-ын құрайды.

Есепті 2022 жылы аудит бағдарламасымен бекітілген 4 бюджеттік бағдарлама бойынша 22 іс-шараға бюджет қаражаты көзделді және бөлінді, онда нақты 15 іс-шара орындалды және 7 іс-шара орындалмады, бұл 31,8% орындалмағанын көрсетеді.

2023 жылы жоспарланған сома 12 726 903,2 мың теңге, игерілген сома 12 610 712,1 мың теңгені немесе жоспарланған соманың 99% -ын құрайды.

Есепті 2023 жылы аудит бағдарламасымен бекітілген 6 бюджеттік бағдарлама бойынша 34 іс-шара бойынша бюджет қаражаты көзделді және бөлінді, онда нақты 32 іс-шара орындалды және 2 іс-шара орындалмады, бұл 5,9% орындалмағанын көрсетеді.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларын, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілері актілерін бұзушылықтардың жалпы сомасы 7 434 970,6 мың теңгені құрайды оның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар 4 077 265,6 мың теңге;
- 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау 3 357 705,0 мың теңге;
- 3) рәсімдік бұзушылықтар 9 бірлік.


Қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасынан 93 277,9 мың теңге өтелуге, 3 983 987,7 мың теңге қалпына келтіруге жатады. Аудит барысында және отырысқа дейін 48 482,1 мың теңге өтелді және 3 868 857 мың теңге қалпына келтірілді.

Қаржылық бұзушылықтар

Құрылыс құнын арттыру

ҚР Бюджет кодексінің 96-бабының 1-тармағын бұза отырып, Басқарма мен Бөлім жалпы сомасы 143 829,52 мың теңгеге шарттар және (немесе) қосымша келісімдер жасасу кезінде ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етпеді.

Басқармамен «Батыс Қазақстан аймақтық электр желілік компаниясы» ЖШС жеткізушісімен 16.07.2024 жылғы №77 және 16.07.2024 жылғы № 78 шарт жасасу кезінде ақпараттың дұрыстығы қамтамасыз етілмеген, атап айтқанда сметада метал конструкцияларды тиеу, түсіру позициялары бойынша салмағы асыра көрсетілген, нәтижесінде «БҚО Бөрлі ауданының Кеңтүбек (Григорьевка)-Александровка ВЛ-35 кВ күрделі жөндеу» нысаны бойынша құрылыс құны 67 908,42 мың теңгеге, ал «Шалғай-Таловая ВЛ – 10 кВ күрделі жөндеу, Бәйтерек ауданы, Батыс Қазақстан облысы» нысаны бойынша жиынтық сметалық есепте күтпеген жұмыстар мен шығындар мөлшері дұрыс көрестілмей құрылыс құны 5 457,9 мың теңгеге асыра бағаланған. Басқарма «Орал қаласының «Ақжайық» ЕТЖК ауданында 110/10кВ ҚС салу» нысаны бойынша сметаны түзету кезінде бірқатар жабдықтардың құны асыра бағаланып, нәтижесінде сатып алынған бірқатар жабдықтардың құны 37 445,7 мың сомаға асыра бағаланып ҚР Бюджет кодексінің 96-бабының 1-тармағының бұзылуына қоса Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық



даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №223-НҚ бұйрығымен бекітілген құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттардың 8.5.5-тармағын және 8.1.4-тармағын бұзуға жол берді. **Бөлім** 17.03.2023 ж. №27/д-ок шартына 16.11.2023 ж. №4 қосымша келісім жасақтау кезінде «КомпанияНурайстрой» ЖШС жеткізушісімен БҚО Орал қаласында КСС-2 ғимаратын реконструкциялау «Түзету» объектісі бойынша ақпараттың дұрыстығы қамтамасыз етілмеген, атап айтқанда сметаға өзгеріс енгізу барысында жабдықтардың құны дұрыс көрсетілмеген, нәтижесінде құрылыс құнының **17 816,2 мың теңгеге** артық көрсетілуіне жол берілген, **Бөлім** «БҚО, Орал қаласындағы 19А кәріз сорғы станциясын және 19А КСС-нан ұзындығы 15 690 м КТҚ-ның қабылдау камерасына дейін су бұру желілерін қайта жаңарту» нысаны бойынша жобалық-сметалық құжаттамасын түзету кезінде импорттық жабдықтың құнын шетелдік валютадан, Тапсырыс берушімен келіскен күнгі ҚР Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша бағамы қолданылмаған, нәтижесінде 05.12.2022 жылғы № 6 қосымша келісімді жасасу кезінде 27.04.2020 жылғы № 44/д-пко шартына құрылыс құны **15 201,3 мың теңге** сомасына асыра бағаланып ҚР Бюджет кодексінің 96-бабының 1-тармағының бұзылуына қоса, ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022 ҚР Құрылыстың сметалық құнын айқындау тәртібінің 8.2.45-тармағын бұзуға жол берді.

Орындалмаған жұмыс көлемі үшін төлем

ҚР Бюджет Кодексінің 97-бабы 6-тармағының бірінші және төртінші абзацын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларының 215-тармағының 2) және 6) тармақшаларының, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 12-тармағының 2) тармақшасын сақтамай, басқарма мен бөлім төменде көрсетілген шарттар бойынша орындалған жұмыстарды растаудың дұрыстығын және төлем шотының негізділігін қамтамасыз етпеді, осылайша, жалпы сомасы **37 179,76 мың теңгеге** орындалмаған жұмыс көлемі үшін мердігерлерге негізсіз ақы төледі.

Басқармамен орындалған жұмыстарға ақы төлеу кезінде «Электромонтаж» АҚ-мен 05.02.2024 жылғы №6 шарт шеңберінде «Орал қ. ГТС-54 ауданында 110/10 ҚС құрылысы» жобасы бойынша 1 675,6 мың теңге сомасына олардың орындалуын растаудың дұрыстығы қамтамасыз етілмеген, орындалған жұмыстарға ақы төлеу кезінде 14.10.2022 ж. № 87 шарт шеңберінде «БҚО, Бәйтерек ауданы, Мичуринское ауылы, «Родник» ЖШС ауданында 106, 2257 уч. мекен-жайында орналасқан қуаты 13,77 МВт өнеркәсіптік кешенді (жылыжай) электрмен жабдықтау (негізгі және резервтік)» жобасы бойынша «Шымкентмелиорация ХМСУ» АҚ-мен 5 090,5 мың теңге жұмыстың орындалуын растаудың дұрыстығы қамтамасыз етілмеген, **бөлім** орындалған жұмыстарды растаудың дұрыстығын және төлем шотының негізділігін қамтамасыз етпеген, нәтижесінде «Теплоэнергострой»



ЖШС-не орындалмаған жұмыс көлемі үшін жалпы сомасы 819,16 мың теңгеге негізсіз төленген, орындалған жұмыстарға ақы төлеу кезінде 11.09.2023 ж., «Жайықсити» ЖШС-мен «БҚО Орал қаласындағы Орал-Атырау және Орал-Саратов трассалары арасындағы №3 қазандықтың жылу желілері» нысаны бойынша 29 594,5 мың теңге сомаға орындалған жұмыстарды растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

Мердігердің ақауларды орындамауы

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңының 69-бабының 2-тармағын бұза отырып, «Батыс Котло Монтаж» ЖШС мердігерімен «Бәйтерек ауданы Мичурин а/о пәт.106. уч.2257 «Фирма Родник» ЖШС ауданындағы өнеркәсіптік жылыжай объектісі үшін ұңғымалардан негізгі су бұру арқылы (нөсер кәрізі) сумен жабдықтау» нысаны бойынша 31.08.2021 жылғы № 87 шарт шеңберінде сметалық құны 17 545,2 мың теңге болатын ақаулар жойған жоқ, мердігер «Мелиоратор» ЖШС-мен «БҚО, Орал қаласындағы 19А кәріз сорғы станциясын және 19А КСС-нан ұзындығы 15 690 м кәріз-тазарту құрылыстарының қабылдау камерасына дейінгі су бұру желілерін қайта жаңарту» нысаны бойынша 27.04.2020 ж. №44/д-пко шарты шеңберінде сметалық құны 114 311,5 мың теңге болатын ақауларды жойған жоқ.

Субсидияларды артық төлеу

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-нің 15.07.2022 жылғы №53-НҚ бұйрығына сәйкес, су пайдаланушы Бәйтерек ауданы әкімдігінің «Коммунальник» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК-на 01.08.2022 жылдан 01.08.2023 жылға дейінгі кезеңде 1 текше метр үшін 483,78 теңге (ҚҚС-сыз) немесе 541,83 теңге ҚҚС қоса мөлшерінде тариф бекітілген, алайда 2022 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейінгі кезеңдегі есебіне сәйкес 1 текше метр үшін 548,5 теңге (ҚҚС қоса) базамен тариф қолданылған, нәтижесінде субсидия сомасы 503,2 мың теңгеге артық төленген.

Жаңақала ауданы әкімдігінің «Коммунал» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК су пайдаланушысы 25.08.2022 жылдан бастап ҚҚС төлеуші болып табылмайды. Басқарма 2022 жылғы желтоқсанға дейін 1 текше метр үшін ҚҚС-сыз 327,32 теңге тарифі орнына ҚҚС есебімен 421,32 теңге тарифі бойынша субсидия төлеген, «ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ бұйрықтарына сәйкес, атап айтқанда 17.02.2023 жылғы №6-ӨД бұйрығы бойынша 01.03-31.07.2023 жылғы кезеңге 1 текше метр үшін 421,32 теңге (ҚҚС-есептемегенде), 02.07.2023 жылғы №39-НҚ бұйрығы бойынша 01.08-31.08.2024 жылғы кезеңге 1 текше метр үшін 373,70 теңге (ҚҚС-есептемегенде) мөлшерінде тариф бекітілді.

Алайда, Басқарма 1 текше метр үшін 373,7 теңге базамен төленуі тиіс болғанымен, 2023 жылғы тамыздан бастап 2024 жылғы ақпанға дейінгі есеп айырысулар бойынша 1 текше метр үшін 421,32 теңге тарифі бойынша

субсидиялар төленген, нәтижесінде жалпы сомасы 1 005,9 мың теңгеге негізсіз артық төлем жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 161 бұйрығымен бекітілген Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидаларының 15-тармағы сақталмай, Басқармамен 2 су пайдаланушыға жалпы сомасы **1 509,1 мың теңгеге** субсидия төлемдері негізсіз жүргізілген.

Мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезінде жол берілген бұзушылық

БҚО әкімдігінің 11.03.2024 жылғы №56 қаулысымен «Батыс Қазақстан аймақтық электржелілік компаниясы» ЖШС (бұдан әрі - «АЭЖК» ЖШС) жарғылық капиталын ұлғайтуға 1 999 290,0 мың теңге бөлінді.

04.07.2024 жылы мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша «АЭЖК» ЖШС есеп айырысу шотына «BEWART GROUP» ЖШС жеткізушісінен 02.05.2024 жылғы № 364 шарт бойынша мерзімі өткен 29 күн үшін 3 756,604 мың теңге сомасында тұрақсыздық айыбының сомасы түсті, аталған сома тиісті бюджеттің кірісіне аударылуға тиіс.

Алайда, «АЭЖК» ЖШС-нің есеп айырысу шотына түскен **3 756,6 мың теңге** көлеміндегі тұрақсыздық айыбының сомасы бюджет кірісіне аударылмаған, бұл Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларының 109-1-тармағының бұзылуына әкелді.

Бухгалтерлік есеп жүргізу ережелерін бұзу

Бөліммен ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шоттарына **3 759 133,9 мың теңге** сомасында аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері ұзақ мерзімді активтерге жатқызылмаған, бұл Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 272-тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының 17-тармағының бұзылуына әкеп соқты.

Бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау

Басқарма 3 357 705,0 мың теңге сомасына жобаны тиімді жоспарламаған, оның ішінде 2023 жылы 1 900 000,0 мың теңге бөлінген, бюджет жобасына шығыстарды және олардың көлемдерінің негізділігін енгізу қажеттілігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер мен басқа да құжаттар негізінде егжей-тегжейлі талдау жүргізілмеген, нәтижесінде «ВЛ-110 кВ қайта жаңғырту (БҚОАқжайық, Бәйтерек, Тасқала аудандары және Орал қ.)» жобасы тексерілетін кезеңде іске асырылмаған және сәйкесінше бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижесіне қол жеткізілмеген, бұл ҚР Бюджет Кодексінің 4-бабының 9,12.13-тармақтарының қағидаттарына қайшы келеді.

Рәсімдік бұзушылықтар

Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 511 және 512-тармақтарын бұза отырып, «Электромонтаж» АҚ «Орал қаласы «Ақжайық» ПДП ауданында 110/10 КС құрылысы» жобасы бойынша 12.06.2023 жылғы №53/д-ок шартына 286 900,1 мың теңге сомасына ұлғайту туралы 05.08.2024 жылғы № 5 қосымша келісімге қол қойғаннан кейін 8 607,0 мың теңге сомасына «Қазақстан Халық банкі» АҚ банктік кепілдіктері түрінде 2 жұмыс күніне кешіктіріліп 3% көлемінде орындауды қамтамасыз етуді енгізді.

«Жайыққұрылыс» ЖШС, «Батыс Котло Монтаж» ЖШС, «ХМСУ Шымкентмелиорация» ЖШС, «ЭЛКОМ» ЖШС мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы орындалған жұмыстар актілерін ұсыну бойынша өз міндеттерін орындамаған, ал Басқарма Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 541-тармағының талаптарын және шарттардың талаптарын бұза отырып, веб-портал арқылы ұсынылған актілердің орнына қағаз жеткізгіште ұсынылған актілер негізінде төлем жасаған.

Бөлім осыған ұқсас бұзушылыққа жол берді, атап айтқанда «Теплоэнергострой» ЖШС мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы орындалған жұмыстар актілерін ұсыну бойынша өз міндетін орындамады, ал Бөлім Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 541-тармағының талаптарын және шарттардың талаптарын бұза отырып, веб-портал арқылы ұсынылған актілердің орнына қағаз жеткізгіште ұсынылған актілер негізінде төлем жасады.

«Бәйтерек ауданы Мичурин а/о пәт.106.уч.2257 өнеркәсіптік жылыжай объектісі үшін ұңғымалардан негізгі су бұру арқылы (нөсер кәрізі) сумен жабдықтау» объектісі бойынша «Фирма Родник» ЖШС ауданында 115 932,0 мың теңге және «БҚО, Зачаганск кенті, Балауса ш/а Энтузиастар көшесі, Кірпіш зауытының ауданы мекенжайында орналасқан жылыжай кешенінің құрылысы» құны 464 996,8 мың теңге объектілері бойынша **Басқарма** 2023 жылғы желтоқсанынан бері облыстық коммуналдық мүлікті жалпы сомасы **580 928,8 мың теңгеге** пайдалану туралы шаралар қабылдаған жоқ, бұл өз кезегінде «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңының 17-бабы 17-тармағының бұзылуына әкелді.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік кескінде):

Басқарма мемлекеттік орган бола отырып, Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында шешуші рөл атқарады. Нақты тоқталатын болсақ Басқарма:

- өңірді энергоресурстармен – электрмен, газбен, жылумен, сумен жабдықтаумен және су бұрумен сенімді және үздіксіз жабдықтауға жауап береді. Бұл экономиканың барлық салаларының жұмыс істеуі және халықтың жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады.

- облысқа сұйытылған мұнай газын жеткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

- жанар-жағармай материалдарының бағасына мониторинг жүргізу, сондай-ақ облыстың сұйытылған мұнай газы бойынша күнделікті мониторинг жүргізу және тұтынылатын көлемдер бойынша ай сайынғы есепті ұсыну жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді.

- су берушілерге ауыз суға субсидиялар ұсынады.

- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға ықпал етеді, бұл энергия шығындарын азайтуға және қоршаған ортаға жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Мазмұндалғандарға байланысты, Басқарма қызметі өнеркәсіптен бастап халықтың өміріне дейінгі аймақ өмірінің барлық салаларына айтарлықтай әсер етеді.

Осыған сүйене отырып, басқарма жіберген кемшіліктер, қателіктер немесе бұзушылықтар аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер ететіні сөзсіз.

«БҚО, Орал қаласында «Жайықтеплоэнерго» АҚ Орал ЖЭО №1 ПР-10-35/1,2 (ПТ-12-35/10м) турбоагрегатын ауыстыру бөлігінде қайта жаңарту», «Бәйтерек ауданы Мичурин а/о пәт.106.уч.2257 өнеркәсіптік жылыжай объектісі үшін ұңғымалардан негізгі су бұру арқылы (нөсер кәрізі) сумен жабдықтау», «Орал қаласының жерасты су қабылдауында су алу ұңғымаларын салу (бұрғылау)», «БҚО Орал қаласындағы КСС-2 ғимаратын қайта жаңарту» нысаны бойынша жобалау-сметалық құжаттаманың сметалық бөліміне шарт жасалғаннан және құрылыс басталғаннан кейін бір жылдан кейін түзетулер енгізу қажеттілігі туындады.

Сәйкесінше жобалау-сметалық құжаттаманың сметалық бөліміне түзетулер енгізу құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұруға және құрылыс мерзімдерін кешіктіруге әкеледі.

Мысалы, «БҚО, Орал қаласында «Жайықтеплоэнерго» АҚ Орал ЖЭО №1 ПР-10-35/1,2 (ПТ-12-35/10м) турбоагрегатын ауыстыру бөлігінде қайта жаңарту» жобасын 2021 жылы мерзімінде аяқталған жағдайда, Орал қаласында электр энергиясын өндіруді 12 МВт-қа дейін ұлғайтуға әкеп соқтырар еді, жобаны іске асыру 2020 жылы басталды және аудит аяқталған сәтте де іске асырылмады, бұл электр энергиясын өндіру бөлігінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етті.

«Жайықжылуэнерго» АҚ жылу энергиясымен 1664 нысанды, оның ішінде - 1207 тұрғын үй; 41 балабақша; 48 білім беру нысаны; 35 денсаулық сақтау нысаны және 333 басқа нысандарды қамтамасыз ететіндігін атап өту қажет.

2022 жылы іске асыруға жоспарланған «Орал қаласының жерасты су қабылдауында су алу ұңғымаларын салу (бұрғылау)» жобасы іс жүзінде 2023 жылғы желтоқсанда іске асырылды, нәтижесінде қала тек 2024 жылғы қаңтардан бастап тәулігіне қосымша 6 млн м3 су алуды бастаған.



III. Қорытынды бөлім

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

«Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

- бюджет кірісіне 30 665,9 мың теңге өтелді, оның ішінде «Электромонтаж» АҚ Орал қаласындағы филиалымен 13.11.2024 жылғы №4124 төлем тапсырмасымен 20 309,705 мың теңге сомасы өтелді, «ХМСУ Шымкентмелиорация» ЖШС-мен 09.12.2024 жылғы №1739 төлем тапсырмасынан 5 090,538 мың теңге өтелді, «Коммунал» ШЖҚ МКК 18.11.2024 жылғы №241, №257, №240 төлем тапсырмаларымен 1 005,9 мың теңге, «Коммунальник» ШЖҚ МКК 15.11.2024 жылғы №428 төлем тапсырмасымен 503,2 мың теңге, «АЭЖК» ЖШС 02.12.2024 жылғы №4515 төлем тапсырмасымен 3 656,6 мың теңге сомалары өтелді;

- 109 723,1 мың теңге жұмыстарды орындау жолымен қалпына келтірілді, «Батыс Қазақстан аймақтық электржелілік компаниясы» ЖШС 67 908,4 мың теңге сомасына қосуға түзету актісін ұсынды, «Батыс Қазақстан аймақтық электржелілік компаниясы» ЖШС 5 457,9 мың теңге сомасына қосуға түзету актісін ұсынды, «Электромонтаж» АҚ-ның Орал қаласындағы филиалы 17 754,4 мың теңге сомасына 18.12.2024 жылғы хаттама, 1 675,6 мың теңге сомасына акт, 17 136,0 мың теңге сомасына алып тастау және қосу хаттамасын ұсынды.

«Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

- бюджет кірісіне 17 816,2 мың теңге сомасы өтелді, «КомпанияНурайСтрой» ЖШС 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №G000108/24-186 төлем тапсырмасы;

- 3 759 133,9 мың теңге бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді;
- құрылыс саласындағы анықталған бұзушылықтар бойынша материалдар Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына 25.12.2024 жылғы №5-11/1386, 5-11/1387 шығыс хатымен жолданды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қорытындылар.

2022 жылы игерілген сома 8 028 847,9 мың теңгені құрайды/ жоспарланған сома 10 207 133,0 мың теңге.

2023 жылы игерілген сома 12 610 712,1 мың теңгені құрайды / жоспарланған сома 12 726 903,2 мың теңге.

2022 жылы Басқарманың тиімділігін бағалау көрсеткіші 78,6% (жақсы), 2023 жылы 99% (тиімді) құрайды.

Есепті 2022 жылы аудит бағдарламасымен бекітілген 4 бюджеттік бағдарлама бойынша 22 іс-шараға бюджет қаражаты көзделді және бөлінді, онда нақты 15 іс-шара орындалды және 7 іс-шара орындалмады, бұл 31,8% орындалмағанын көрсетеді.

Есепті 2023 жылы аудит бағдарламасымен бекітілген 6 бюджеттік бағдарлама бойынша 34 іс-шара бойынша бюджет қаражаты көзделді және

бөлінді, онда нақты 32 іс-шара орындалды және 2 іс-шара орындалмады, бұл 5,9% орындалмағанын көрсетеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша нәтижелілікті бағалау көрсеткіші 68,2% (жақсы), 2023 жылдың қорытындысы бойынша 94,1% (өте жақсы).

Басқарма ережесінде көзделген 37 функцияның 36-сы іске асырылады, бұл 97,2%-ды құрайды, бұл үздік нәтиже деп есептеледі.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілері актілерін белгіленген бұзушылықтардың жалпы сомасы 7 434 970,6 мың теңгені құрайды, оның ішінде:


- 1) қаржылық бұзушылықтар 4 077 265,6 мың теңге;
- 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау 3 357 705,0 мың теңге;
- 3) рәсімдік бұзушылықтар 9 бірлік.

Қамтылған қаражат көлеміне белгіленген қаржылық бұзушылықтарды ескере отырып, маңыздылық деңгейінің көрсеткіші 14,3%-ды құрайды, бұл елеулі деңгей болып табылады.

Мемлекеттік аудитпен анықталған негізгі бұзушылықтар басқарманың жоспарланатын жобаларға тиісті деңгейде талдау жүргізбеуінен орын алған, бұл жұмыстардың одан әрі уақтылы аяқталмауына, қосымша бюджет қаражатын бөлуге және бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізбеуіне әкеп соғады, бұдан басқа тиісті деңгейде кепілге қойылған жабдықтар құнының дұрыстығы мен негізділігін қамтамасыз ету бойынша бақылау жүргізілмейді, жобалау-сметалық құжаттамаларда жұмыстардың орындалу дұрыстығын бақылау тиісті деңгейде қамтамасыз етілмейді, соның нәтижесінде, бақылау өлшеулері кезінде орындалған нақты жұмыстар мен жұмысқа ақы төлеуге қабылданған жұмыстар арасында сәйкессіздіктер анықталды.

Құрылыс объектілеріне құқық белгілейтін құжаттарды дайындауға облыстық бюджеттен қаражаттың уақтылы бөлінбеуіне байланысты бухгалтерлік есеп бойынша 2023 жылы пайдалануға берілген жалпы сомасы 580 928,8 мың теңгеге аяқталған және пайдалануға берілген 2 құрылыс нысаны анықталды, аталған нысандар бойынша облыстық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы шаралар қабылданбаған, яғни, пайдаланушы ұйымдарға берілмеген.

Бұдан басқа аудит барысында «БҚО, Орал қаласында «Жайықтеплоэнерго» АҚ Орал ЖЭО №1 ПР-10-35/1,2 (ПТ-12-35/10м) турбоагрегатын ауыстыру бөлігінде қайта жаңарту», «Бәйтерек ауданы Мичурин а/о пәт.106.уч.2257 өнеркәсіптік жылыжай объектісі үшін ұңғымалардан негізгі су бұру арқылы (нөсер кәрізі) сумен жабдықтау», «Орал қаласының жерасты су қабылдауында су алу ұңғымаларын салу (бұрғылау)», «БҚО Орал қаласындағы КСС-2 ғимаратын қайта жаңарту» нысандар бойынша жобалау-сметалық құжаттаманың сметалық бөліміне шарт жасалғаннан және құрылыс басталғаннан кейін бір жылдан кейін түзетулер енгізу қажеттілігі туындағаны анықталды. Бұл ретте жоғарыда аталған нысандар бойынша жобалау-сметалық құжаттамалар 2021-2022 жылдар кезеңінде әзірленді, яғни жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленген сәттен бастап түзетуге дейін 2 жылдан аспаған.



Нарықтық экономика жағдайында Қазақстанда құрылыс материалдары бағасының серпінін болжау мүмкін емес болғандықтан жобалау-сметалық құжаттаманың сметалық бөлімін әзірлеу сәтінен бастап 2 жылдан аспайтын құрылыс кезеңінде түзету жүргізу қажеттілігіне алып келеді, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттырады.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңы 60-бабының 7-тармағына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігі туындайды.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

- мемлекеттік аудит нәтижелерін Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында қарауды ұсынамын;

- «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңына жобалау-сметалық құжаттаманың сметалық бөлімін ескірген деп тану туралы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөнінде ұсыным жіберілсін.


3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, мемлекеттік аудит объектілері қалшына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 5 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі



К.Ф. Жапақов

Талдау, сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас инспекторы-заңгері



А.Т. Тажибаева

**Аудит тобының жетекшісі
мемлекеттік аудитор**



Э.А. Амантаев

**Аудиторлық іс-шараны өткізген
мемлекеттік аудиторлар**



К.С. Колякова



Д.Р. Рамазанов



С.О. Бекмухамбетова